

Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы Көлік одағын құру туралы келісімді бекіту туралы

Казақстан Республикасы 1998 жылғы 10 қарашадағы N 298-І Заңы

Р Қ А О - ның ескертпесі !

Келісім қолданысын тоқтатты - ҚР 24.12.2014 N 266-V Заңымен.

Мәскеуде 1998 жылғы 22 қантарда қол қойылған Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы Көлік одағын құру туралы келісім бекітілсін.

Казақстан Республикасының

Президенті

Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы,  
Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы арасында  
Көлік одағын құру туралы

Келісім

Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы, бұдан әрі Тараптар аталатын, өзара тиімді экономикалық қарым-қатынасты бұдан әрі дамытуға жәрдемдесе отырып,

Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы экономикалық және гуманитарлық салалардағы шоғырлануды тереңдету туралы 1996 жылғы 29 наурыздағы шарт және осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің Кедендейтік одағы туралы келісім қағидаларын негізге ала отырып және оларды іске асыру үшін Тараптардың көлік жүйелерінің өзара келісілген технологиялар мен параметрлер бойынша қызмет етуінің маңызды мәні бар деп есептей отырып,

төмендегі жөнінде келісті:

1 - б а п

Тараптар Көлік одағын Келісімге қатысушы мемлекеттердің өзара келісілген технологиялар мен параметрлер және бірдейлендірілген нормативтік құқықтық базаның негізінде қызмет ететін ұлттық көлік кешендерінің біріктірілген жүйесі ретінде құрады .

Көлік одағын құрудың негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:  
осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің көлік инфрақұрылымын бірігіп пайдалану ;

көлікті тиімдірек пайдалану және көлік шығасысын азайту; осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің арасында және олардың аумақтары бойынша транзитпен кедергісіз көлік құралдарының қозғалуы және жолаушылар мен жүктеді

тасымалдау;

көлік жүйелерін дамыту және қайта жаңарту бойынша келісілген саясатты жүргізу.

2-бап

Көлік одағын құру үшін Тараптар мыналар бойынша шараларды іске асырады:

а) көлік және жол шаруашылығы саласындағы қарым-қатынасты реттейтін ұлттық заңдарды

бірдейлендіру;

б) көлік инфрақұрылымын дамытудың келісілген және қажет болғанда біріктірілген бағдарламалары мен жобаларын, соның ішінде халықаралық қаржы институттарын қатыстырумен,

әзірлеу және іске асыру;

в) қазіргі бар салалық құрылымдардың негізінде көлік қызмет көрсету нарығы мен көліктік статистикалық есеп беруді ақпараттық қамтамасыз етудің жалпы жүйесін құру;

г) барлық көлік құралдарының, осы Келісімге қатысушы болып табылмайтын мемлекеттердің көлік құралдарын қоса, осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің үшінші елдермен сыртқы шекарасында кіруін (шығуын) бақылаудың келісілген тәртібі мен

үйимдастыруын анықтау;

д) көліктің жеке түрлері бойынша келісілген ғылыми-техникалық саясатты құру және жүргізу;

е) көлік түрлері бойынша келісілген тарифтік саясатты жүргізу;

ж) халықаралық тасымалдарды жүзеге асыратын көлік құралдарына қызмет көрсету жүйесін

құру;

з) көлік саласында келісілген салық саясатын жүргізу;

и) вагондар паркі мен контейнерлерді бірігіп пайдалануды қамтамасыз ету, жүктердің мемлекеттік шекаралар арқылы өтуін жылдамдату және жүк тасымалдарын автокөліктен темір жолға ауыстыру үшін құранды тасымалдар ұйымдастыру мәселелерінде келісілген саясатты жүргізу;

к) осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің арасында, соның ішінде олардың аумағы бойынша транзитпен өтетін автомобиль көлігімен жолаушылар мен жүктерді тасымалдаудың және автокөлік құралдары қозғалуының рұқсат берусіз тәртібін орнату;

л) қатысушы мемлекеттердің авиакомпаниялары үшін олардың ұлттық авиакомпанияларына белгіленген ставкалар бойынша әуежайлық, сондай-ақ аэронавигациялық алымдардың мөлшерін орнату;

м) көлік құралдарын жолдарды және өзге қатынас желілерін пайдалануға немесе ұстауға байланысты алымдардан, әуе және ішкі су көлігінен алымдардан басқада,

езаралық шарттарда босату;

н) көлік коммуникацияларына, жүктеуге және көлік құралдарының көлемдеріне, ауыр салмақты және ірі көлемді жүктөрді тасымалдауға талаптарды қою бойынша үйлестірілген саясатты жүргізу;

о) кез келген Тараптың тасымалдаушыларына Тараптар өз тасымалдаушыларын қамтамасыз ететін жағдайларынан кем емес транзит жағдайларын өзара жасау.

### 3-бап

Тараптар Көлік одағын құруды осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің арасында және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы ынтымақтастық шеңберінде көлік мәселелері бойынша ынтымақтастық саласында қол жеткен уағдаластықтарды есепке алумен кезеңдік үдеріс ретінде қарайды.

Көлік одағын құру үшін оны құру мақсаттарынан, қағидаларынан және кезеңдерінен шығатын мәселелер бойынша төртжақтық кеңесулер механизмі қолданылатын болады.

### 4-бап

Көлік одағының құрылуы мен қызмет етуі Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Ресей Федерациясының Бірігу Комитетімен (бұдан әрі - Бірігу Комитеті) Тараптардың құзырлы органдарымен бірігіп әзірленетін және Тараптарда қабылданған тәртіpte бекітілетін біріккен іс-әрекеттің болашақтық және жылдық жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

### 5-бап

Осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің арасында және олардың аумақтары бойынша транзитпен көліктің жеке түрлері бойынша жүктөрді, жолаушыларды және бағажды тасымалдаулардың тәртібі мен шарттары, осы Келісімнің қағидаларын есепке алумен, көпжактық және екіжақтық келісімдермен реттеледі.

### 6-бап

Тараптардың құзырлы органдары көзқарастарын келісіп отырады және халықаралық көлік үйымдарындағы жұмыс кезінде өз іс-қимылдарын үйлестіреді.

Тараптардың құзырлы органдары қажет болған жағдайда келісілген көзқарас әзірлеу және осы үйымдардың жұмысына қатысу үшін бірлескен жұмыс топтарын құруы мүмкін.

### 7-бап

Тараптар осы Келісімнің қатысушы мемлекеттерінің көлік кәсіпорындары мен үйымдарының тікелей байланысын дамытуға, сондай-ақ көлік саласында бірлескен кәсіпорындар мен қаржылық-өнеркәсіптік топтар құруға жәрдемдеседі.

### 8-бап

Тараптар кадрларды: инженерлер, техниктер және көлік мамандықтарының жалпы қызметкерлерін (оларды даярлау деңгейінің бірыңғай талаптарын сақтай отырып) оқыту және қайта әзірлеуде ынтымақтастықтың жүзеге асырылуына жәрдемдесетін б о л а д ы .

Көрсетілген мамандардың оқу орындарын бітіргені туралы берілетін біліктілік құжаттар оларды қосымша растау талап етілмей-ақ осы Келісімнің қатысушы мемлекеттерінің аумақтарында танылады.

#### 9-бап

Осы Келісімде Тараптардың құзыретті органдары үғымына мыналар жатады:

Беларусь Республикасы тарапынан:  
автомобиль, теңіз, өзен көлігі және жол шаруашылығы - Беларусь Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі,  
темір жол көлігі бойынша - Беларуссия темір жолы,  
әуе көлігі бойынша - Беларусь Республикасының Авиация жөніндегі мемлекеттік комитеті,

Қазақстан Республикасы тарапынан:  
Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі;

Қыргыз Республикасы тарапынан:  
Қыргыз Республикасының Көлік және байланыс министрлігі,  
Ресей Республикасы тарапынан:  
автомобиль, теңіз, өзен көлігі - Ресей Федерациясының Көлік министрлігі,  
темір жол көлігі бойынша - Ресей Федерациясының Жол қатынасы министрлігі,  
әуе көлігі бойынша - Ресей Федеральдық авиация қызметі,  
жол шаруашылығы бойынша - Ресей Федеральдық жол қызметі.

#### 10-бап

Осы Келісімнің орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі Тараптардың құзыретті органдарының қызметін үйлестіру Бірігу комитетіне жүктеледі.

#### 11-бап

Осы Келісім қатысуышылары Тараптар болып табылатын өзге халықаралық шарттардан, оның ішінде осы Келісімнің қатысуышылары Тараптар арасында жасалғандарынан туындастын құқықтары мен міндеттемелерін талап етпейді.

#### 12-бап

Осы Келісімді іске асырудан туындастын пікірталастар Тараптардың құзыретті органдарының арасында кенесулер мен келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

Осында жолмен шешілмеген пікірталастар Тараптардың біреуінің құзырлы органының талап етуі бойынша Бірігу комитетінің қарауына тапсырылады.

#### 13-бап

Осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу Тараптардың келісімімен жүргізіледі және тиісті хаттамалармен ресімделеді.

#### 14-бап

Келісім осы Келісімнің мақсаттары мен принциптерін бөлісетін және 1996 жылғы 29 наурыздағы Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қыргыз Республикасының және Ресей Федерациясының арасындағы экономикалық және ізгілік

салаларында бірігуді тереңдегу туралы Шарттан және Кедендей одақ туралы келісімнен туындастырылған міндеттемелерді өзіне қабылдауға дайын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысуышы басқа мемлекеттер үшін қосылуға ашық.

### 15-бап

Осы Келісім шектеусіз мерзімге бекітілді, Тараптардың заңдарына қайшы келмейтін бөліктерде уақытша қол қоюға қолданылады, мемлекет ішінің процедураларын орындағаны туралы соңғы мәлімдеме алған, Бірігу Комитетімен танылған, депозитарийге тапсырылған күннен бастап күшіне енеді.

Тараптардың әрқайсысы бұл жөнінде депозитарийге алты ай бұрын жазбаша хабарлай отырып, осы Келісімнен шығуына болады.

1998 жылғы 22 қантарда Мәскеу қаласында орыс тілінде бір дана болып жасалды. Тұпнұсқа данасы Бірігу комитетінде сақталады, ол осы Келісімнің қатысуышы әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Беларусь

Қазақстан

Қыргыз

Ресей

Республикасының

Республикасының

Республикасының

Федерациясы

Премьер-Министрі

Премьер-Министрі

Премьер-Министрі

Үкіметінің

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК